



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№38 (842) Сәрсенбі 20 қыркүйек 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЭСТОНИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы Эстония Президенті Алар Кариспен келіссөз жүргізді. Кездесу барысында екі мемлекеттің түрлі саладағы ынтымақтастығын нығайту перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев эстониялық әріптесіне Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, соның ішінде шетелден инвестиция тартуға және инвесторларды қорғауға

бағытталған шаралар жөнінде мәлімет берді. Тараптар өзара ортақ мүддені көздейтін салалардағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады және бір-бірін өз елдеріне арнайы сапармен келуге шақырды. Сонымен қатар президенттер халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді және БҰҰ, Еуропалық Одақ, ЕЫҚУ аясындағы қолжақты қатынастарды қарастырды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РИЗАБЕК АЙТМҰҚАНДЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әлем чемпионы Ризабек Айтмұқанды жеңіске жетуімен құттықтады.

– Еркін күрес шебері Ризабек Айтмұқанды Белградта өткен күрес түрлерінен әлем чемпионатында алтын медаль иеленуімен құттықтаймын! Ол қазақ балуандары арасында тұңғыш рет Әлем чемпионы атанды. Бұл – тарихи жетістік. Ризабек Айтмұқанның жарқын жеңісі жас буынның спортқа құлшынысын арттырады деп сенемін, – деді Президент. Еркін күрестен Ризабек Айтмұқан (92 келі) әлем чемпионы атанды. Сербия астанасы Белград қаласында күрес түрлерінен өтіп жатқан әлем чемпионатында қазақстандық балуан финалда Осман Нурмагомедовпен кездесті. Кездесу басынан балуандар бір-біріне лайықты қарсылық көрсетті. Әзербайжандық балуан әдіс қолданып, алғашқы ұпайын еншіледі. Одан кейін Ризабек әдіс қолданып, таразы басын теңестірді. Соңғы сәтте ол тағы айласын асырып, ұпайын молайтты. Нәтижесінде Ризабек

Айтмұқан қарсыласын 4:2 есебімен жеңіп, әлем чемпионы атанды. Айта кетейік, Ризабек Айтмұқан – еркін күрестен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш әлем чемпионы болып отыр. Қарсыласы осал емес. 1998 жылы дүниеге келген әзербайжандық балуан қазірге дейін әлем чемпионатында 2021, 2022 жылдарда қола жүлдегер атанды. Оған қоса Еуропа чемпионатында бір мәрте күміс, екі мәрте қола алған. Ризабек Айтмұқан финалға дейінгі төрт кездесудің барлығында жеңіске жетті. Алдымен венгриялық Балаж Юхасты 13:3 есебімен жеңсе, одан кейін түркиялық Фейзулла Актюркті 11:0 есебімен тізе бүктірді. Ал жартылай финалда грузиялық Мириани Майсурадземен жеңіске жетті. Енді ел құрамынан Мейрамбек Қартбай (57 келі) із-орын үшін сынға түседі. Айта кетсек, бұдан бұрын әлем чемпионатында еркін күрестен Азамат Дәулетбеков (86 келі) қола жүлдегер атанды.

ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқаны, жаңа «Бюджет кодексі» жобасы, алдағы жылы беру маусымына дайындық барысы талқыланды.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, күрішті жауын-шашынға қалдырмай, уақытылы жинап алуды тапсырды. Шаруа қожалықтарын жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, егістікке алынған су төлемін уақытылы төленуін қадағалау қажеттігі ескертілді. Қала, аудан әкімдіктері алдағы жылы егілетін дақылдардың егіс көлемі сызбасын, су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егілетін егіс көлемін тиісті құжаттарымен бірге осы

жылдың I желтоқсанына дейін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына ұсынуы қажет. Нұрлыбек Машбекұлы екінші мәселе – жаңа «Бюджет кодексі» жобасына қатысты бағдарлама әкімшілеріне, қала және аудан әкімдіктеріне 2024-2026 жылдарға арналған бюджетті жоспарлау кезінде нәтижеге бағытталған бюджет жүйесін қалыптастыруға мән беруі керектігін қаперге салды. «Бюджет қаржысы тиімді жоспарланып, оның әлеуметтік-экономикалық

қайтарымы болуы тиіс. 2024 жылға облыстық басқармалар және қала, аудан әкімдіктері тарапынан Қаржы министрлігіне 202 млрд.тенгеге бюджеттік өтінім ұсынылып, тек 85,4 млрд.тенгесі, яғни 42 пайызы ғана қолдау тапты. Инфрақұрылым желілерін тартуға, абаттандыруға, газдандыруға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге, жол салуға бағытталған 116,6 млрд.тенгенің жобалары қолдау таппаған. Бұл жобалар өзіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне оң ықпал етеді. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Көлік, Өнеркәсіп және құрылыс, Су ресурстары және ирригация, Мәдениет және ақпарат, Туризм және спорт, Сауда және интеграция министрліктері

құрылды. Осы ретте, облыстық басқармалар, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері жаңа министрліктермен тиісті жұмыс жүргізуі қажет», – деді аймақ басшысы. Үкімет отырысында қаралған тағы бір мәселе – алдағы жылы беру маусымына дайындық бойынша облыс әкімі жауапты сала басшыларына әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің әзірлігін мұқият қадағалап, қажетті отын қорын уақытылы жеткізуді тапсырды. Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі өткен аптада Астана қаласында болған ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға алғыс білдіріп, алдағы уақытта мұндай шараны өңірде де өткізу жөнінде тапсырма берді.

БИЫЛ ҚАРМАҚШЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ 11 ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН

Қармақшы ауданының әкімі Қармақшы ауылдық округі халқымен еркін форматта жүздесіп, 2023 жылдың 8 айының қорытындысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын барлық макроөрсеткіштерінің оң динамикасына қол жеткізілгенін, ауданның экономикалық өсімін алдағы уақытта 100 пайыздық деңгейге дейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндігін айтып, басты бағыттарды бағамдады. Қазіргі таңда ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өткен Жандос Еркінбекұлы Қармақшы ауылындағы ішкі істерді атап өтті. Қармақшы ауылдық округі бойынша 2023 жылға 11 жоба қолға алынып, оның ішінде ҚР Ұлттық қорынан «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ауылдағы №13 «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК қазандық ғимаратының құрылысына, облыстық бюджеттен Қармақшы елді мекеніндегі су құбыры ғимараттарын қайта жаңғырту және Қызылтам елді мекенінің Сарыжылау көшесінен №9-ТВ техникалық су ұңғымасын бұрғылау

жұмыстарына қаржы қарастырылды. Аудандық бюджеттен елді мекеннің электр желілерін жаңғырту және қосалқы станциясын кеңейту жобасына, Қармақшы ауылдық округіндегі Абай, Сейфуллин, Жеңіс көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарына жоба-сметалық құжаттарын дайындауға, Қармақшы ауылындағы Желдіірімнен ескерткішін жөндеуге, Қызылтам елді мекеніне балалар ойын алаңын салуға, Қармақшы ауылының кіре беріс көшесін көгалдандыруға қаражат бөлініп, алдағы уақытта аталмыш жұмыстар толықтай орындалатын болады, – деді аудан әкімі. Аудан басшысы төртінші деңгейлі бюджет есебінен елді мекенді көгалдандыру мақсатында Қызылтам елді мекеніне паспорт орнату, Жамбыл көшесінің бойын абаттандыру жұмыстарын жасауға қаржы бөлінгендігін жеткізді. Осындай ауқымды істер ортаға салынған жында тұрғындар ерекше белсенділік көрсетіп, әлі де атқарылатын баянды жұмыстарды атап айтып, тұрғын үй, жер мәселесіне байланысты ойын ортаға салды.



ИППОТЕРАПИЯМЕН ОҢАЛТУ ҚЫЗМЕТІ ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

Ерекше қажеттілігі бар балаларға қосымша оңалту қызметтерін көрсету мақсатында Сыр өңірінде 2017 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде иппотерапиямен оңалту қызметі жүзеге асырылады. 2023 жылға бұл мақсатқа бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, мемлекеттік сағып алу қорытындысымен жобаны қолдап, «Алтынар-Бөбек» қоғамдық қоры 150 балаға иппотерапиямен оңалту қызметі көрсетуде. Биылғы жылы қыркүйек айында қызмет алушылар арасынан Шығыс-Қазақстан облысында өткен «2023 жылға паралимпиадалық ат спорты» республикалық жарысына «Алтынар-Бөбек» қоғамдық қорымен иппотерапевттері Тасқара Мунира Амантайқызы, Сәрсенбай Диляра Торыбайқызы және қызмет алушы Маратов Ерасыл Азаматұлы «Балалардағы церебралды паралич» диагнозбен сүйемелдеуші әкесі Сұлтанмуратов Азамат Маратұлы қатысып, бірінші орынды иеленді.

ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕ ТАРТУЫ – ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

Ел ордасы Астана қаласында сенбі, жексенбі күндері ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Қызылорда облысының тауарөндірушілерінің қатысуымен өткен тоқсанылық мерекесінде 60-қа жуық Сыр диқандары 50 жүк автокөлігімен 500 тоннаға жуық өнімді тұрғындарға ұсынды. Оның ішінде 12 тоннадан аса теңіз маржаны мен 3 тоннадан астам Аралдың ақ алтыны тұзы төмен бағала сатылды. Сондай-ақ жәрмеңке сәресінде Аралдық кәсіпкерлердің ысталған және тұздалған балғы, көксерке филесі мен балықтан әзірленген өнімдер ұсынылды. Алтын күздің берекелі мерекесінде елордалық тұрғындар Аралдың балығынан дәм тату үшін ұзын-сонар кезек күтті.



2024 жылдың I жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Ел Тілегі» газеті, «Жарасымды жанұя» журналы, «Білімді Ел – Қазақстан» республикалық журналдары еліміздің барлық өңірлеріндегі оқырмандарын асыға күтеді. «Ел Тілегі» газеті еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Егер газетке жарнама, құттықтау, хабарландыру, еске алу, құжат жоғалту, жеке кәсіпкерлікті тоқтату жайлы хабарлама жариялау қажеттілігі туса, бізге хабарласыңыз! Біздің байланыс телефонымыз: 27-85-75



Байназар Өтепов-120

ШОҚТЫҒЫ БИҚ, ШАБЫТЫ ШАЛҚАР - БАЙНАЗАР АҚЫН

Сыр өңіріне белгілі ақын Байназар Өтепов 1903 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданына қарасты «Сары төбе» атанған Аранды қырдың биігінде дүниеге келген. Ақын төрт ағайынды жігіт. Әкесі Егізек баласы Өтеп дқаншылықты кәсіп етіп, еліне қадірлі адам болған. Өтептің балалары Әлеш, Әлназар, Ерназар, Байназар болып таралады. Байназар ауыл молдаларынан сауатын ашып, 1918 жылы он бес жасында Қазалы қаласындағы татар медресесінде бір жарым жыл оқып, әр түрлі пәндерден білім алған.



тынбай жазып, өмірден өткенше қаламы қолынан түспеген дарынды ақындарымыздың бірі болды. Ең алғашқы өлеңі 1926 жылы «Сыр бойы» газетіне басылып, жергілікті, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жарияланып, ақындығы елге толық таныла бастады. Қазалы аудандық «Большевиктік қолхоз үшін» газетінде «Егіске», «Садық пен Мәкен» (1936ж) «Еңбектің ері Нұрмахан», «Ұлжан сайлау бастығы», «Жұмагүл жеңгей сөйледі», (1937ж) деген өлеңдері еңбекшілер мен қолхоз құрлысшыларының еңбегін және әйел теңдігін паш етті. Байназар ақынның шабыты шалқып, өлеңді өндіре жазған кезеңі-Отан соғысының жылдары еді. Сол кездегі «Сыр бойы» және аудандық «Большевиктік қолхоз үшін» газетінде халықты жеңіске шақырған, тылдағы қолхозшыларды еңбекке үндеген өлең-жырлары үздіксіз басылып отырды. Ақынның осы кездегі «Аттанған ерлерге», «Женіс біздікі», «Ұмтыл ерлер жауына» атты өлеңдері майдан мен тылдың берік бірлігі – жауды жеңудің маңызды түйіні болғандығы анық еді. Ақын айтқандай зұлм жау өз жерінде ойсырап жеңілді. Бұл жеңіске бүкіл жер жүзі қуанды. Жеңіс күнін тойлады. Ақын «Женіс күні» деген өлеңінде: - Жалмауыз жауыз жаулар жеңілген күн, Қакырап қабырғасы сөгілген күн. Ойлаған арам ойы орындамай, Төзе алмай алып күшке шегінген күн Алдында бүкіл әлемаскар таудай- Қайраты ерлерімің көрінген күн. Жеңіліп жауыздық жол әділдіктен, Өлемге жеңіс туы ілінген күн. Байқалып кімнің күшті, әлсіздігі- Алдында жер жүзінің білінген күн. Сондықтан қуанышты мерекеге, Арналған жеңіс үшін бүгінгі күн - деп бар даусымен шаттана,

шабыттанып еңбекші халқына жүрек қуанышын өлеңмен жеткізді. Ақын «Аталарға», «Аналарға», «Ер серігі аруларға» және «Жастарға» өлеңдерін қолхозшылар бір-бірінен көшіріп алып жатпап дем алып отырғанда әнге қосып айтып жүрген. Еңбектегі замандастарының мәртебесін көтеріп, «Малшы шопандарға», «Жылқы өсіруші озаттар», «Механизаторлар айтысы» атты өлеңдерінде егінші-малшы еңбекшілерді өлең мен жырға қосты. Сонымен қатар ақын бірнеше дастандар жазған. Тереңөзек ауданынан майданға аттанған 21 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған Нұрсейітов Жаппасбайға арнап, «Жаппасбай батыр» және КСРО Жоғарғы Кеңесіне үш мәрте депутат болып сайланған Қазалы ауданы «Қызыл ту» қолхозының (қазіргі Жалантөс батыр ауылы) төрағасы Пірімов Қашақбайға арнады. Қасына дарынды, талантты жастарды ертіп жүретін. Өзі оқытып, қасына ерткен інілері Нәби Жетілгенов, Әбдіразақ Қаналиев, Байжігіт Әбдіразақовтар елге белгілі ақын-жазушылар болды. Ақын өлеңдері көзі тірісінде жеке кітап болып шықпаған. 1965 жылы жарық көрген «Пернедегі термелер» атты халық ақындарының шығармалары жинағында бір-екі өлеңдері берілген. 1979 жылы КРҒА М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты М. Байділдаевтың шығаруымен жарық көрген «Ақын жыраулар» жинағында Байназар ақын өлеңдері, өмірбаяны енгізілген. Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыр өңірінің ақын-жазушыларының шығармалары жинақталып, «Сырдария кітапханасы» сериалы шығарылды. Осы сериалға ақын Байназар Өтеповтің де өлеңдері енді. Байназар ақын айтыс өнерінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды, бірнеше ақындармен айтысқан. Ақынның айтыстарын шоқірті ҚР білім беру ісінің үздігі, ақын Ақанжан Келімбетов «Жүйріктің атты шықпас озығ көпке» деген атпен жарыққа шығарды. Ақын

өлеңдерін жыраулар жырға қосып, термешілер «Адам жоқ тұрауғын бір қалыпта», «Еркекөк» атты термелерін көпшілік қауымға насихаттап келеді. Ақын өле-өлгенше халқын сүйді, халқы да ардақты ақынның шексіз сүйді, ардақтап төбесіне көтерді. Бір басында бірнеше өнер топтасқан Байназар ақынды Сыр елі халқы ардақтап «Жұрттың бәрі Байназар болып па?» - деген мәтел қалыптастырды. Бұл ақынның бойындағы серілік, сейістік, әділдік, достық, азаматтық абыройына байланысты берілген баға еді. Ол азаматтығы бір бөлек тұлға болды. Жетім-жесірге болысып, жоққа көмек беріп, жайқымсызды ақтап, жалғызға қамқоршы болып, әділдігімен ел ішінде абыройлы данағой болған еді. Серілігі мен сейістігінің арқасында астындағы «Еркекөк» атанған тұлғарын баптап әр жыл сайын бойыға қосып, он жылды тойтап оздырды. Осындай Отаны үшін, халқы үшін ұзақ жылдар еңбектене отырып тер төккен ақын жаратылысынан біреуге жағдай айту, біреуден сұрау дегенді білмей-ақ өмірден өтті. Ақын «1941-1945 жылдардағы жан қиярлық еңбегі үшін» және «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Шоқтығы биік, шығармашыл тұлға, Ганидың замандасы Байназар Өтеповтың туғанына 120 жыл толуына орай Гани музейі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен бірнеше шаралар өткізілді. Студенттер мен мектеп оқушыларына ақын өмірі мен шығармашылығынан танымдық шара өткізіліп, тұтынан дүниелерінен көрмелер ұйымдастырылды. Сыр өңірінің белгілі тұлғаларының бірі, арқалы ақын Байназар Өтеповтың шығармашылығы мен жарқын жолы жана Қазақстанның жас ұрпақтарына жол ашып, еңбек пен жаңашылыққа шақырып тұрғандай.

Р. АСАНОВА, Гани Мұратбаев музейінің меңгерушісі

Жыл сайын өтетін науқан екі ай бойы, 15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін созылады. Осы жолы қазақстандықтар бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 1935 ұйымның біріне тіркелуге мүмкіндік алады. Атап айтар болсақ, 710 мемлекеттік және 1225 жекеменшік клиника. Биыл қандай өзгерістер мен жаңашылықтар бар? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында ең өзекті сұрақтарға жауап берді.

ДӘСТҮРЛІ НАУҚАН ЕКІ АЙҒА СОЗЫЛАДЫ

Емханасын ауыстырғысы келіп жүрген азаматтар тіркеу науқаны кезінде бұл мүмкіндікті пайдалана алады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 15 минуттық жерде орналасқан емханаға тіркелуді ұсынады. Бұл ең алдымен пациент үшін әрі дәрігерді үйге шақырған кезде тез келуіне ыңғайлы. Мұны, әсіресе кішкентай балалары бар отбасылар, жүкті әйелдер, мүмкіндігі шектеулі жандар, дәрілік терапияда немесе клиникаға жиі баруға мәжбүр пациенттер ескеру керек. Бұл ретте таңдаған медициналық ұйым алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан болуы тиіс. Меке-мелердің тізімін Қордың fms.kz сайтында «Клиниканы таңдау» бөлімінен көруге болады. Айтпақшы, пациент жаңадан тіркелген емханасында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала бастайды, яғни 31 желтоқсанға дейін бұрынғы емханасына барады. Ал емханаға тіркеу науқанына қатыспаған азаматтар үшін де өзінше шарттар бар. Егер сіздің қосымша сұ-рақтарыңыз болса, өз ем-хананың «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Қор-дың өзіңізге ыңғайлы арна-лары бойынша өтініш-шағым-дарыңызды қалдыра аласыз: fms.kz ресми сайты, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Telegram-дағы @SaqtandyruBot, 1414 Бірыңғай байланыс орталығы. Азаматтар мәртебесін келесі қосымшалар арқылы тексере алады: • Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы • fms.kz ресми сайты • Telegram-дағы @ SaqtandyruBot • 1414 байланыс орталығы • Damumed мобильді қосымшасы. • Екінші деңгейдегі банк-тердің мобильді қосымшалары – Ksp.kz, Halyk, Bcc.kz. Сондай-ақ, Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік меди-циналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударым-дардың және (немесе) жар-налардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мем-лекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеніңді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

ҰЛТ БОЛУДЫҢ ШАРТЫ...

«Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты - ұлттық тіл», - деп Қадыр Мырза Әли айтқандай, әр адам өзінің тілін шыры етіп дүниесінің ашқанның бастап, құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе. Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл - халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін - ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі. Тіл-қарым-қатынас құралы, достық көпірі, байлығымыз, намысымыз, мәдениет пен әдебиетіміз, ұлттық қазынамыз. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», - деген ұлағатын сөзін ескермей кету мүмкін емес. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді. Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл - қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

Асылбек ҚАЙРАТУЛЫ, Шнелі ауданы №13 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы

«КЕСКІНДЕМЕ КЕНІСТІГІ» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының ұйымдастыруымен ҚР Суретшілер одағының құрылғанына 90 жыл толуына орай «Кескіндеме кеністігі» атты облыс суретшілерінің көрмесі ашылды. Аталмыш көрмеге қала тұрғындары, өнер иелері, жастар мен оқытушылар жиналды. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Алиасқарұлы өз сөзінде сыр суретшілерінің бойындағы таланттарын ерекше атап өтіп, олардың шығармаларында бұрынғы мен бүгінгінің сабақтастығын айтып өтті. Қазақстан Суретшілер одағының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сағымбаев Темірбек Нұрғалиұлы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Маханбет Жәнібек Асанұлы көрменің ашылуымен құттықтап, көрмеге сәттілік тіледі. Республикалық, аймақтық айтыстар мен жыршы-термешілер байқауларының

жеңімпазы Бексұлтан Орынбасар суретшілерге жыр арнауын арнады. Жергілікті қылқалам шеберлерінің біріккен көрме экспозициясына 40-тан астам әр түрлі жанрларды қамтыған ауыл көрінісі, портрет, пейзаж, батальді бағыттағы кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Қазақстан Суретшілер одағы 1933 жылы құрылған болатын. Сол кезден бастап бүгінгі күн аралығында суретшілер талай белестерді бағындырып, қазақ бейнелеу өнерінің өркендеуіне елеулі үлес қосып келеді. Сыр бойынан шығып, қазақ бейнелеу өнерінің өсуіне Салыхитдин Айтбаев, Сахи Романов сынды мықты суретшілеріміз кеністік ашты. Қазіргі таңда Қазақстан Суретшілер одағының Қызылорда облыстық филиалында 30 суретші шығармашылықпен айналысады. Көрмені 2023 жылдың 18 қыркүйек - 10 қазанға дейін тамашалауға болады.



